

Халықтық педагогиканы қазақ тілі сабағында оқытудың әдіс-тәсілдері

¹**ӘБІЛҚАСОВ Ғабиден Мәжитұлы**, магистр, аға оқытушы, gabi.altai1970@mail.ru,

^{1*}**КОНУРОВА Нургуль Аликаримовна**, магистр, оқытушы, nurgulka_2030@mail.ru,

¹«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, Қазақстан, Қарағанды, Н. Назарбаев даңғылы, 56,

*автор-корреспондент.

Аңдатпа. Мақала халық педагогикасын қазақ тілі сабағында оқытудың әдіс-тәсілдеріне және білім беру жүйесіндегі тиімділігіне арналған. Қазақ елінің кешегі ата-бабадан өріліп келе жатқан бай мәдени құндылықтары мен дәстүрлері – әлемде теңдесі жоқ бай, асыл мұра-қазыналарымыз. Кез келген халық ең алдымен тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтейді. Қазақ тілін, ұлттық мәдениетімізді құрметтеп, мәртебесін биікке көтеру өз халқымыздың алдындағы перзенттік борышымыз. Халықтық педагогика теориясы мен әдіс-тәсілдері оқыту тәжірибесіндегі мамандарға елеулі ғылыми сипаттағы өзгерістерге алып келді. Тәуелсіз еліміздің экономикалық, әлеуметтік өсіп-даму кезеңіндегі тікелей саясатының жүзеге асырылуына дәлірек әсер ететін қызметтік факторлардың бірі білім беру саласының дамыған өркениет үлгісіне ене отырып, оқытудың жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді жетілдіруі сипатталады. Мақалада халықтық педагогиканы оқытудағы әдіс-тәсілдердің білім беру жүйесіндегі тиімділігі жайында айтқан ғалымдардың педагогикалық тұжырымдары да қуаттай түседі.

Кілт сөздер: педагогика, әдіс, тәсілдер, мәдени, әлемде, тіл, мұра, оқыту, ұлттық құндылықтар, білім, теориясы, әлеуметтік, ғылыми, даму, салт-дәстүр.

Кіріспе

Қазақ елінің кешегі ата-бабадан өріліп келе жатқан бай мәдени құндылықтары мен мұралары – әлемде теңдесі жоқ бай, асыл мұра-қазыналарымыз. Құндылық, мұра сөздерінің түпкі астарында елге-жерге, тілге, ділге деген құрмет жатқандығы баршамызға белгілі. Ұланғайыр жұртымыздың бай мәдени, әдеби, тарихи мұраларымызды көздің қарашығындай қадірлеп, құрметтеп сақтап кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыру ұлтымыздың, халқымыздың басты мұраты болуы тиіс. Әрдайым ұлтжанды азамат тәрбиелейміз десек жастарымызды оқыту үшін ұлттық инновацияларды оқыту жүйесіне еңгізіп, сабақта ұлттық құндылықтарымыздан нәр алатындай дәріс беруіміз керек.

Қазіргі таңдағы оқу үдерісінде ұлттық инновацияның маңызы зор. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде осы ұлттық құндылықтардан, мұрадан бастау алған инновациялық оқыту жүйесі басты құрал болатындығына ешкім дау айтпасы анық. Біздің қазіргі кезде айтып отырған ұлттық, халықтық инновация дегеніміздің өзі жаһандану заманында ғылымның, жаңалықтың өндіріске еңгізілуінде [1]. Жас жеткіншектер мен өскелең ұрпақтың зердесіне ғасырлар бойы жасалған рухани мұраларда өрілген ұлттық ұлағат пен аса құнды эстетикалық-көркемдік тәлімді дарыта білуіміз қажет.

Өскелең ұрпағымыз жалынды жастарымызға өзіміздің қазақи ұлттық құндылықтарымыз саналатын қазақтың ұлттық мәдениетін, ұлттық тілін, әдебиетін, шешендік өнерін, салт-дәстүрлерін оқыту, үйрету арқылы рухы, жаны таза, арлы, ақылды, намысты, парасатты, ұлттық мінезді, ұлттық тәлім-тәрбиелі, ұлттық ой-саналы тұлғаны қалыптастырып, жеткізу.

«Біздің ана тіліміз, қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Адамзат баласына ана тілінен асқан тарихи мұра жоқ. Оны жан аямай қастерлеуден асқан биік парыз жоқ. Кез келген ұлтты күшейтудің бірінші тетігі тіл. Ата бабамыздан жалғасын тауып келе жатқан қазақтың тілі, ана тіліміз – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы. Ана тілін армансыз бойға сіңірініздер, өйткені, бабаларымыздың бай мұрасы, ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі осы тілде қаттаулы жатыр» – деген қазақ ойшылдарының асыл сөздері қашанда көңілге қонымды. ЖОО оқытылуы орыс тілінде жүретін топ студенттеріне қазақ тілінен дәріс беру барысында, олардың сөз байлықтарын молайту мақсатында ұлттық құндылықтарымыз әдеби, мәдени, тарихи мұраларымыз, салт-дәстүр мен қазақ халқының мәдениеті, өнері туралы мәтіндерді оқу үрдісінде

кеңінен пайдаланамыз.

Зерттеу нәтижелері

Тіл үйренуші өскелең ұрпаққа осынау жаһандану заманында қазақ тілін оқытуды мәдениет тұрғысынан да қарастыруды қажет етеді. Қасиет қонған ұлы даланың текті ұрпағы қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан адамгершілігімен, үлкенге деген құрметімен, кішіге ізетімен, қонақжайлылығымен, ақыл-парасатымен, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, өзгеге деген сыйластығымен ерекшеленетін, мол мәдени-рухани мұраларын сақтап оны жастарға ұғындыра алатындай білім беру қажеттігі бүгінгі күннің маңызды мәселесінің бірі. Әрине басты мақсатымыз қазақ халқының бай мұрасының біршама үлгілеріне жүгіне отырып, ұлт мәдениетінің қалыптасуын кейінгі ұрпақ санасына сіңіре білетіндей деңгейдегі жұмыстардың жүргізілуіне көңіл бөлу болып табылады. Оқытушылар тарапынан негізгі мақсатымыз «Тілді мәдениет арқылы таны» атты халықтық ұранын арқау етіп, тұтастай ұлттың тілі мен мәдениетін меңгеру үшін алдымен сол халықтың тарихына, мәдениетіне, өнеріне, ұлттық салт-дәстүріне терең көз жіберіп, саралап алуды қажет етеді. Кейінгі жылдары Тәуелсіз Республикамызда, мемлекетімізде арнайы жасалған мәдени мұра мен тарихи бай мәдениетімізді дәріптеуде, кейінгі жастарымызға ата-баба дәстүрін насихаттау барысында атқарылып жатқан жұмыстар соның дәлелі деп білеміз. Қазыналы халқымыздың бай, баға жетпес мәдениетін, тарихын, тілін сақтауда, құрметтеп, қалыптастыруда ұлт тұтастығын берік ұстауда, өзара келісім жүргізуде тілдің қатынас құралы ретінде мүмкіндігі зор екені ақиқат.

Ғылымдағы ерекше технологиялары дамыған мынау жаһандану кезеңінде халқымыздың ұлттық құндылықтары саналатын бай мәдени мұраларды, әдет-ғұрып асыл қасиеттерін білім беру үрдісіне енгізу арқылы жас жеткіншектеріміздің ұлттық қасиетін, ұлттық дүниетанымын өркендетеміз [3]. ЖОО дәрісханаларында үйретіп жатқан қазақ тілінің танымдық-тәрбие сабақтарында ұлт қазынасы мәдени мұраларды, ұлттық құндылықтарды оқыту басты мақсат деп негізге аламыз.

Еліміздің болашағы, тірегі, айбыны – ұлттың тілін ұлықтаған ата-баба салт-дәстүрімен туған тілінде сусындаған, халқының тілін, мәдениетін білетін асыл ұрпақта. Ұлтым, жұртым дейтін кез келген халық ең алдымен тілін, мәдениетін құрметтейді. Туған тілімізді, тарихымызды, әдебиетімізді, мәдениетімізді құрметтеп, мәртебесін биікке көтеру өз ұлтымыздың алдындағы перзенттік борышымыз. Нәресте дүние есігін ашып өмірге келгенде оның үш нәрсесі: бірінші кезекте ата-анасы, одан соң Отаны және үшіншіден ана тілі болатыны сөзсіз. Әрбір азамат сол ұғымдарды өмір бойы қастерлеуге, туған тіліне, отанына сүйіспеншілікпен қарауға міндетті [4]. Біздің Тәуелсіз

кең байтақ Қазақстан Республикасы – бүгінгі күні әлемге танылған ел. Ана тілі – еліміздің тарихы, мәдениеті мен әдебиеті өсіп-өніп, отбасындағы тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениеттің сенімді құралы – ғылымның атаулы саласы екендігіне дау келтірмейміз. Әрбір ұлттың негізі, тарихы мен мәдениетінің бастауы тілдің пайда болуымен тұспа-тұс келетініне сеніміміз берік. Иә, сондықтан қандай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмысы мен бітімін өзгеден даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгісі – тілі мен мәдениеті, тарихы деп дәп айтамыз. Солардың ішіндегі жалпы айтқанда, ұлттың болмысын айқындайтын нақ белгісі қазақ халқының құндылықтары саналатын ата-бабадан жалғасын тауып келе жатқан ұлттық салты мен дәстүрлері. Егеменділік пен тәуелсіздігіміздің ең басты айшығы, белгісі – оның ана тілі мен ұлттық мәдениеті, тарихы. Туған тіліміз осынау адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. Тарихтың, мәдениеттің өзегі мен түп тамыры – ол тіл.

Қазақ тілі – ұлы даланы ежелден мекен етіп келе жатқан қазақ халқының, яғни ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Мәдениет пен парасаты жоғары, тарихи танымы орнықты, ойы сергек елдің рухы да биік болатынына еш күмән келтірмейміз. Әрқашан рухы мен парасаты жоғары халықтың іргесі берік, әлеуеті қуатты, ынтымағы да жарасымды болатыны ақиқат. Рухы мен мәдениеті биік қасиетті қазақ халқы өзінің кіндік қаны тамған туған жерінің бүтіндігін сақтап, елінің іргесін ажыратпай, қайтсе де Тәуелсіздігін құрметтеуге деген кіршіксіз сенім жүрегінің түбінде сақталып жатыр. Жер бетінде ғұмыр кешіп жатқан әрбір халық ең алдымен тілімен, мәдениетімен, тарихымен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті, тілі арқылы ғана басқаға танылады [5].

Ұлы халықтың тілі мен мәдениеті – мұның барлығы адамның символдық болмысының формалары екені рас. Сондай жоғарғы жетістікке тек қана өзінің жаратушысы ғана емес, сонымен қатар, оның мән-мағынасын, астарын ұғынған ғана қол жеткізе алады. Адамзат өркениетінің символдық әлемінің философиясы адамның тарихи антропологиясын табиғи жалғастыру болып табылады. Ұлы даланың төскейінде жайғасқан қасиетті қазақ елі Тәуелсіздік алғаннан кейінгі аз уақыт ішінде халқымыздың қол жеткізген мұралары айтарлықтай екені баршаға мәлім. Қазақстан халқы жалпы алғанда ішкі және сыртқы экономика мен мәдениет, ғылым салаларындағы табыстарымен қатар, тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлетіні қуантарлық жайт. Қазақ тілінің ұлттық мәдени қызметін қарастыратын болсақ, адамзат баласы үшін атқарар қызметі мол тілді әрі таза, әрі өткір, ұқыпты, терең дүниетанымдық дәрежеде колдана

білу – үлкен мәдениеттің нышаны, жетістігі.

Қазақ тілін дамытуда бірінші, тіл мәдениеті – тілдік тәсілдерді негізге алу, жетілу дәрежесі, сонымен қатар, ол – тіл ұстартудағы ізеттілік, сауаттылық секілді тілдік әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдану дағдысын жетілдіруді негізге алады. Ұлттық құндылықтарымыз, тіліміз бен тарихымыз, мәдениетіміз – әрдайым бір-бірінен ажырамас егіз ұғымдар. Осындай бай мұрамызды ескере келгенде, ең алдымен біздің көз алдымызға аса бай рухани және материалдық мәдениеттің тілдегі бейнесі ретінде қалыптасып, халық жадында, санасында сақталып, олардың игілігіне жарап, елеулі қызмет атқарып келе жатқан мыңдаған, миллиондаған жай сөз, сөз тіркесі түріндегі мағыналық бірліктер елестейді. Қазақ халқы – құндылықтарға толы салт пен дәстүрі бай және оны қатаң сақтайтын халық. Туған халқымыздың бойындағы мінез құлқы мен наным-сенімін жете зерделеген ақын, аудармашы, әдебиетші, публицист, ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов қазақтың құдайдан кейінгі қорқатыны дәстүр бұзушылық екені туралы жазады [5]. Біздің қазақ халқы – ұлттық салт-дәстүрді білмегенді, сыйламағанды надан дейді деп орынды пікірін білдіреді. Түсінген адамға әрине бұл – өте ауыр сөз, ауыр күнә, бірақ әбден орынды баға. Халқымыздың жақындық, туыс-туғандық, құда-жекжаттық, той-томалақ өткізу, үлкенді, ата-ананы құрметтеу, қыз ұзатып, келін түсіру, жүйелі сөзге тоқтауы, обал-сауап, дастархан, шаңырақ, қонақ сыйлау т.б. салт-дәстүрлерінде қаншалық адамгершілік, ізгілік, көрегендік, ізгілік пен парасаттылық, инабаттылық жатыр. Қазақи төл тарихқа көз жүгіртсек, халқымыз ата-бабаларының жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланған, бала тәрбиесіне ерекше мән бере, үміт арта сергек қараған [2]. Төл мәдениет пен тарих көрінісінің жарқын келбеті болған ауыз әдебиетінің бай мұралары мен ұлттық құндылықтарымызды келер ұрпаққа аманаттау – әрқайсымыздың қасиетті борышымыз екенін әсте естен шығармағанымыз абзал. Студенттердің тіл мәдениетін қалыптастырып, сөздік қорларын байыту, молайту жолында ұлттық бата сөздерді оқытып, жаттатудың пайдасы зор деп білеміз. Осындай ұлттық құндылықтар мен мәдениетті үндестіре, байланыстыра отырып, жас ұрпақ тәрбиесінде жүзеге асыруда ұлттық тәрбие мектебінің атқаратын рөлі ерекше (кестеде берілген).

Бала бойына сіңіретін тәрбиенің бастауы ұлттық құндылықтар мен мәдениеттен бастау алатынын ескерсек, түркі жұртшылығы оның ішіндегі қазақ халқы – тіл, сөз, өнер атаулының қасиетті екенін ежелден танып білген. Себебі, халқымыз әрбір ойдың, сөздің астарына зер салып, философиялық тұрғысынан баға беріп отырған. Мысалы, бір жаңа бағытқа, іске қадам баспас бұрын, ойға алған дүниені бастамас бұрын адам ниетін түзеп, тілек тілейді. Міне адам көңіліне, ақ адал жүрегінен шыққан ізгі сөз, тілек, бата дегеніміз – осы.

Адамзаттың бір-біріне ақ тілек тілеп, ақ бата берудің бүкіл ғаламдық құдіретті күші осында. Қазақ халқы осы құдіретті сөз бен ниеттегі байланысты ежелден-ақ білді. Сондықтан батагөй халқымыз өзінің әрбір іс, әр қимылын бүкіл ниет, тілегін жиынтықтап алып, ақ тілек, ақ батамен бастап отырды. Ақ бата беру біздің халқымыз үшін – ой, ниет, тілек, істің жиынтығы, күллі сенімнің бірлігі. Біздің осы дүниетануымыздың ұлттық бір жүйесі – шын көңілден ақтарылып шыққан – ақ бата. Кезінде «бабадан асқан аз болмас, батадан асқан – сөз болмас» деп тіке байлам жасаған халқымыз: «жауынменен жер көгерер, ақ батаменнен ел көгерер» деп нақты шешімін айта білген [6]. Сондықтан да ақ бата – кез-келгеніміз үшін де теңдесі жоқ асыл сөз. Ақ бата – жаңадан бастағалы тұрған істің қасиетті тұмары. Ілгері басқан адамзат қадамының тұсаукесері боп табылады. Ежелгі, көне – көк түріктен бастап, міне, жиырма бірінші ғасырға келіп жеткен қазақ халқы өзінің әрбір ісін ақ тілекке толы ақтарылған батамен бастап қадам басып келеді. Бұған дәлел қазіргі уақытта қазақтың кез келген тойы, атап айтатын болсақ: қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана, тұсаукесер, сүндет той т.б. мереке, жиындарымыз үлкендердің берген ақ батасымен басталып, той-мереке соңы ақ батамен сәтті аяқталады. Қазақтың белгілі ақыны, халық жазушысы Қадыр Мырзалиев өзінің бір өлеңінде бата туралы былай деп ой тебіренеді: «Ешбір орден жетпейді, ешбір атақ, қарапайым қазақтың батасына» – деп. Қазақ халқында ақ бата берудің өзіндік орны, жолы, жөні, кәдесі болатынына баса назар аударған. «Алтын алма бата ал, бата да алтын емес пе» – деген қазақта керемет сөз бар. Төменде халқымыздың салт-дәстүрі бойынша той үстінде үлкендердің балаға арнап берген ақ бата үлгісіне зер салайық:

Тойға келген көпшілік,
Дос-жараң мен ағайын,
Қызыққа толсын маңайың.
Көтеріп бүгін білекті,
Төгейін балдай тілекті.
Балама бата берейін,
Бүлкілдесін көмейім.
Айналайын жан балам,
Өсе берсін мерейің.
Сабағыңды жақсы оқы,
Ел қатарлы өзіңнің,
Азамат болып ер жеткен,
Өскеніңді көрейін.

Жортқанда балам жол болсын,

Биік болсын беделің! – осы өлең жолдарында негізінен той-томалақтарда ақ батаны топ ішіндегі жас тоқтатқан, ер адам беруге тиіс. Болмаса, көптің рұқсатымен, жастау болса да жолы, жөні бар, жұрттың ойынан шығатын жас азаматтар беруіне болады. Қазақ халқында ел арасында аса даңқы шыққан, киелі, кейуана болмаса, ерлер отырғанда ешуақытта әйел адам бата бермейді. Әйелдер арасында ес білетін, сөз білетін ер бала болса – батаны сол беруге тиіс. Дана халқымыз:



Халықтық педагогика негіздері

«Қой асығы демегің, қолыңа жақса сақа ғой, жасы кіші демегің, ақылы асса аға ғой» – деп көпшілік ішінде жас адам болса да, оның ой дәрежесі, ақылы, білімі асып, тасып тұрса, жастың да жиналған елге, халыққа батасы жүретінін осылай дәлелдейді [8]. Ұлт тәрбиесінің қайнар бұлағы іспетті алтын қазынасы, қайнар көзі, негізі болып табылатын қазақ халқының атадан балаға мұра болып жалғасып, беріліп келе жатқан мәдени мұралары жетерлік. Оны ғылыми тұрғыдан жіктеп, саралап, қарастыратын болсақ: ұлттық спорт ойындары, салт-дәстүрлері, ұлттық той-томалақтарда берілетін бата сөздер, тақырыптарына байланысты мәтіндері, өлең-жырлары қазақ тілінің сөз байлығын терең игертуге, әр сөздің ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін, сөз сырына бойлатуға, жастардың танымдық дүниесін қалыптастыруға, шаршы топта өз ойын, шешен де шебер жеткізе білуге үйретіп, машықтандыруға жан-жақты бағыт беруге үндейді.

Қорытынды

Елімізде қазіргі уақытта білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар негізінде ғылыммен ұштастыра халықтық педагогиканы оқытуда ұлттық тәрбие мен құндылықтарды меңгерте отырып, терең білімді, ізденімпаз, шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жан-жақты маман тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілсе игі

еді. Сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз аңсаған ұланғайыр, кең байтақ тәуелсіз еліміздің, болашағы ертеңгі ел тұтқасын ұстайтын ұрпағымыздың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты екені ол баршамызға белгілі [7]. Отансүйгіштік қасиетті бойына сіңіре білген, терең білімді оқып, игерген, білікті де дарынды жастар ғана тәуелсіз еліміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қарыштап дамуына өз үлестерін қоса алады. Ал, жастардың бойына ұлттық тәрбиені, мәдениетті сіңіреміз десек, ұлттық құндылықтарымызды оқытуды арнайы пән ретінде оқу әдістемесіне енгізудің жолын қарастыруымыз қажет. Техникалық жоғары оқу орындарында студенттерге өткізілетін қосымша танымдық-тәрбиелік сабақтарда ұлттық мәдени мұра, қазыналарымызды, ұлттық құндылыққа толы халықтық педагогика үлгілерін қолдануда студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастырып, арнайы үйірмелерді ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты деп білеміз. Жоғарғы оқу орындарында тілді, мәдениетті оқытуда ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу әлі де жеткіліксіз. Осы орайда, ұлттық тәрбие мектебінен бастау алатын ұлттық құндылықтарымыз бен мол мұрамызды білім беру жүйесінде тиімді жүзеге асыратын болсақ, студенттердің танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбділдаұлы О. Өссін ұрпақ көбейіп. Парасат № 12. 2012.
2. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997.
3. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті. – Алматы: Зият Пресс баспасы, 2004.
4. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс, 2007.
5. Әбілқасов Ғ.М. Шешендік өнер сабақтастығы. – Қарағанды: Арыс, 2013.
6. Қорғанбек А. Қазақ өркениетінің жаңа дәуірі. Егемен Қазақстан 27.04.2017.
7. Әбілқасов Ғ.М. Ұлттық құндылықтар ұлағаты. – Қарағанды, 2017, ҚарМТУ.
8. Әбілқасов Ғ.М., Хасен М.Ә. Тәрбие басы-тіл. – Қарағанды, 2021, ҚарТУ.

Методы и приемы преподавания народной педагогики на уроках казахского языка

¹**АБИЛКАСОВ Габиден Мажитович**, магистр, старший преподаватель, gabi.altai1970@mail.ru,

^{1*}**КОНУРОВА Нургуль Аликаримовна**, магистр, преподаватель, nurgulka_2030@mail.ru,

¹НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова», Казахстан, Караганда, пр. Н. Назарбаева, 56,

*автор-корреспондент.

Аннотация. Статья посвящена методам и приемам преподавания народной педагогики на уроках казахского языка и ее эффективности в системе образования. Богатейшие культурные ценности и традиции казахов – бесценное наследие, не имеющее аналогов в мире. Любому народу уважает прежде всего свой язык, культуру, традиции и обычаи. Уважение к казахскому языку, национальной культуре, повышение ее статуса – это наш долг перед народом. Теория и методы народной педагогики привели к существенным изменениям научного характера практики преподавания специалистов. Одним из наиболее действенных факторов, влияющих на реализацию политики независимой страны на этапе ее экономического, социального развития, является совершенствование новых педагогических методов обучения, внедряя сферу образования в модель развитой цивилизации. В статье подтверждаются и педагогические выводы ученых, которые рассказали об эффективности методов и приемов в обучении народной педагогики в системе образования.

Ключевые слова: педагогика, методы, подходы, культура, мир, язык, наследие, учение, национальные ценности, знания, теория, социальное, научное, развитие, обычаи и традиции.

Methods and Techniques of Teaching Folk Pedagogy in Kazakh Language Lessons

¹**ABILKASOV Gabiden**, Master, Senior Lecturer, gabi.altai1970@mail.ru,

^{1*}**KONUROVA Nurgul**, Master, Teacher, nurgulka_2030@mail.ru,

¹NPJSC «Abylka Saginov Karaganda Technical University», Kazakhstan, Karaganda, N. Nazarbayev Avenue, 56,

*corresponding author.

Abstract. The article is devoted to the methods and techniques of teaching folk pedagogy in the Kazakh language lessons and its effectiveness in the education system. The richest cultural values and heritage of the Kazakhs are our priceless heritage, which has no analogues in the world. Any nation respects first of all its language, culture, traditions and customs. Respect for the Kazakh language, national culture, raising its status is our duty to our nation. The theory and methods of folk pedagogy have led to significant changes in the scientific nature of teaching practice of specialists. One of the most effective factors influencing the implementation of the policy of an independent country at the stage of its economic and social development is the improvement of new pedagogical teaching methods, introducing the field of education into the model of a developed civilization. The article also confirms the pedagogical conclusions of scientists who spoke about the effectiveness of methods and techniques in teaching folk pedagogy in the education.

Keywords: pedagogy, methods, approaches, culture, world, language, heritage, teaching, national values, knowledge, theory, social, scientific, development, customs and traditions.

REFERENCES

1. Ábdildauly O. Óssin urpaq kóbeji. Parasat No. 12. 2012.
2. Negimov S. Sheshendik óner. – Almaty: Ana tili, 1997.
3. Qazaqtıń dástúrli mádenieti. – Almaty: Zijat Press baspasy, 2004.
4. Islámjanuly K. Qazaqtıń otbasy fol'klory. – Almaty: Arys, 2007.
5. Ábilqasov Ǵ.M. Sheshendik óner sabaqtastyǵy. – Qaraǵandy: Arys, 2013.
6. Qorǵanbek A. Qazaq órkenietiniń jańa dáýiri. Egemen Qazaqstan 27.04.2017.
7. Ábilqasov Ǵ.M. Ulttyq qundylıqtar ulaǵaty. – Qaraǵandy, 2017, QarMTÝ.
8. Ábilqasov Ǵ.M., Hasen M.Á. Tárbie basy-til. – Qaraǵandy, 2021, QarTÝ.